



БҰЙРЫҚ

26.02.2025

Астана қаласы

ПРИКАЗ

№

48

город Астана

«Білім беру ұйымдары оқушыларын химия пәнінен олимпиадаларға дайындау» атты оқу-жаттығу жиындарын өткізу туралы

«Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының 2025 жылғы жұмыс жоспарына сәйкес және Астана қаласы Білім басқармасының 2025 жылғы 24 ақпандағы № 344 бұйрығы негізінде
БҰЙЫРАМЫН:

1. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының Педагогикалық шеберлік және ұйымаралық жобалар бөлімінің басшысы А.Садвакасова 2025 жылдың 26 ақпанында білім беру ұйымдарының химия пәні мұғалімдеріне арналған «Білім беру ұйымдары оқушыларын химия пәнінен олимпиадаларға дайындау» атты оқу-жаттығу жиындарын Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті базасында (келісім бойынша) өткізуді ұйымдастырсын.

2. «Астана дарыны» дарынды балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау орталығының бас есепшісі Қ.Хамитова оқу-жаттығу жиындарының жаттықтырушысы – Еуразия ұлттық университетінің химия кафедрасының PhD докторы, аға оқытушы Тосмағанбетова Кульди Сулейменовнаның сағаттық төлемақысын келісімшарт негізінде төлеуді қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының ұйымдастыру-педагогикалық жұмысы жөніндегі орынбасары Г.Буралкиеваға жүктелсін.

Басшы

Ж. Бейсенбаева